

# Гносеология

1. Танымның объектісі мен субъектісі.
2. Таным түрлері.

# ГНОСЕОЛОГИЯ



**Эпистемология** (көне грекше: ἐπιστήμη — «ғылым» және көне грекше: λόγος — «сөз») немесе **Гносеология** (көне грекше: γνῶσις — «білім» және λόγος — «слово», «речь») немесе **таным теориясы** — философия ғылымының саласы, танымның мәнін, ерекшелігін, әдіс құрылымын, деңгейін, басқа таным формалармен байланысын зерттейтін ғылыми таным теориясы. Басқаша айтқанда, адамның тану қабілеті, танымның бастауы, формалары, әдістері туралы, ақиқат және оған жетудің жолдары туралы ілім.

# ТАРИХЫ

**Эпистемология** философиямен қатар пайда болып, өмір сүріп келе жатыр. Бұл философия ғылымының бір бөлігі. Онда таным табиғаты мен оның мүмкіндіктері, шегі туралы мәселе қойылып зерттеледі.

**Гносеология** үшін дүние, адам және адамзат қоғамы туралы дәйекті білімдердің болуының қандай практикалық маңызы бар деген мәселенің өмірлік мәні ерекше. Осындай толып жатқан мәселелер жиналып келіп, "Білім деген не?" деген сұраққа жауап беретін таным теориясының өзекті мәселесін құрайды.



# Таным


- **Таным** - бұл адамның бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Философия тарихында таным деп адамның дәлелденген білім алу үшін әлемді және ондағы өзін мақсатты түрде бейнелеу аталған. Таным дегеніміз-білім алу үшін шығармашылық ізденіс.

"Білу деген не?" деген сұраққа берілетін жауаптың маңыздылығы Гетенің "Фаустында" былай жазылған:

*"... Білудің мәні не? Міне, досым, мәселе қайда? Бұл тұрғыда бізде бәрі орнында емес. Заттардың мәніне үңілгендерді, Барлық жандарға сырын жайып салғандарды Алауларға өртеді және тепкіледі. Бұл сізге бесенеден белгілі..."*



# *Таным термині*



*Таным теориясы туралы термин философия ғылымына 1854 жылы шотланд философы Дж.Феррердің еңбектері арқылы енді. Бірақ таным туралы мәселе өте ертеден бастап-ақ қойылып келеді. Өйткені танымнан тыс білім де, ғылым да да болуы мүмкін емес. Таным теориясы этика, эстетика, адам туралы философиялық ілімдермен тығыз байланысты. Дегенмен, ол жалпы философия теориясының дербес бөлімі ретінде өзінің мағынасын сақтайды.*

## *Таным теориясы мәселелері*




- *"Таным" деген не?", "Білімді қалай алуға болады?"* деген мәселелер төңірегінде ойлана отырып, адам сонау ежелгі заманда-ақ өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінген. Философтар таным теориясының мәселелері төңірегінде ой қозғай бастады. Гносеология — айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым. Таным теориясы немесе гносеология (грекше *gnosis* — білім, таным) — философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді. Гносеологиядағы орталық ұғымдарға *"таным субъектісі"* мен *"таным объектісі"*, "білім", "таным" жатады.

# Таным субъектісі мен объектісі



- **Таным субъектісі** деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол — бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін.
- **Таным объектісі** деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін. Таным объектісі материялық, дүние немесе рухани құбылыс, сонымен қатар субъектінің өзі де болуы мүмкін. Таным объектісі мен субъектісі бір-бірінің мәнділігін шарттастырады: субъектісіз объект болмайды, объектісіз субъект болмайды. Таным үдерісінде олар бір-біріне маңыз аларлық ықпал етеді. Сонда танымдық қызмет субъекті мен объект қатынасы және олардың өзара әрекеттесуі болып шығады.

# Таным процесі



- *Таным өте күрделі процесс, ол ұдайы даму үстінде болып отырады. Ол адамға зат пен құбылыстардың сыртқы, көзге түсер қасиеттері мен қатынастарынан бастап, оның тереңде жатқан ішкі салыстырмалы тұрақты байланыстарына дейін бойлауға мүмкіндік береді, яғни заттың мәнін, ішкі құпиясын меңгеруге жағдай жасайды. Таным процесі екі сатыдан тұрады: **сезімдік таным** және **рационалдық таным**. Бұл екі саты бірінен кейін бірі болатын жекелеген деңгейлер емес, олар біртұтас таным процесінің екі қарама-қарсы жағы, бір-бірімен өте тығыз байланысты, бірақ әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.*



# Таным

Сезімдік таным түрлері:

- Түйсік
- Қабылдау
- Елес

Сезімдік

Рационалдық

Рационалдық танымның бейнелеу түрлері:

- Ұғым
- Пікір
- Ой-тұжырымы



# Сезімдік таным түрлері:




- **Түйсік (ощущения)** - адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін объективті дүниенің материалдық заттары мен нәрселерінің жеке қасиеттері мен сапаларының қарапайым, элементарлы бейнеленуі.
- **Қабылдау (восприятие)** - адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ету нәтижесінде, санада материалдық заттар пен нәрсенің біртұтас бейнесі қалыптасатын, сезімдік танымның ерекше формасы.
- **Елестету** - сезімдік қабылдау негізінде қалыптасқан, заттардың жаңама-сезімдік бейнесі; бұрын қабылданған заттар мен нәрселердің көрнекі бейнесін сезім мүшелері арқылы қайта жаңғырту процесі.



## Рационалдық танымның бейнелеу түрлері:

- **Ұғым** - заттар мен құбылыстардың, немесе олардың топтарының жалпы, мәнді және қажетті қасиеттері мен белгілерін бейнелендіретін ойдың формасы.
- **Пікір** - ұғымдардың логикалық байланысынаң құрылады. Пікір арқылы адам шындық дүниедегі заттар мен құбылыстардың байланысың анықтайды.
- Абстрактілі ойдың ең маңызды формаларының бірі **ой қортынды** болып келеді. Ол- белгілі бір нәтижеге, жаңа білімге әкелетін- пікір болып табылады. Ойқортынды- екі немесе одан да көп пікірлерден қорытынды жасап, жаңа пікір тұжырымдап шығарудың логикалық тәсілі болып табылады

# Қорытынды



- *Сонымен, табиғатты және қоғамды танудағы ең басты принцип – адамдардың әлеуметтік қызметінің мәнін ашып, оның сан қилы қасиеттерін, түрлері мен формаларын, қоғамдық қатынастар мен сананың арақатынасын анықтау қажет. Адамның әлеуметтік мәні қанша бай, терең болса, адам қызметі де сонша көп түрлі болып келеді.*

# *Пайдаланылган әдебиеттер:*



Google



Wikipedia

Назарларыңызға Рахмет!



Орындаған: Бақытов Әділхан